

Алматы облысының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы 6 наурыздағы № 106 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылды 20 наурызда № 4581 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2023 жылғы 19 шілдедегі № 231 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 19.07.2023 № 231 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 5–тармағына, "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" 2018 жылғы 16 қантардағы № 13 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16299 тіркелген) сәйкес Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Алматы облысының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекітуі туралы.

2. Алматы облысы әкімдігінің "Алматы облысының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" 2017 жылғы 3 наурыздағы № 97 (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4159 тіркелген, 2017 жылдың 07 сәуірінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған), "Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 3 наурыздағы "Алматы облысының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" № 97 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2017 жылғы 27 маусымдағы № 266 (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4283 тіркелген, 2017

жылдың 07 тамызында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулыларының күштері жойылды деп танылсын.

3. "Алматы облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімі аппаратының басшысы Б. Байжұмановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

A. Баталов

Алматы облысы әкімдігінің 2018

жылғы "6" наурыздағы № 106

қаулысына қосымша

Алматы облысының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Алматы облысының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 5-тармағына, "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 13 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бүйрүғымен (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16299 тіркелген) бекітілген, "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың үлгілік әдістемесіне сәйкес әзірленіп, "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік

қызметшілерінің (бұдан әрі – "Б" корпусының қызметшілері) қызметін бағалау тәртібін айқындауды.

2. Осы Әдістемеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) тікелей басшы – дербес бағынысында болып табылатын бағаланушы қызметшіге қатысты тұлға;

2) жоғары тұрган басшы – дербес бағынысты болып табылатын, бағаланушы қызметшінің тікелей басшысына қатысты тұлға;

3) нысаналы мақсатты индикаторлар (бұдан әрі – НМИ) – мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына, саяси мемлекеттік қызметшінің меморандумына "А" корпусы қызметшісінің келісіміне немесе "Б" корпусы қызметшісінің қызметінің ерекшелігіне сәйкес (процесстік жұмысты қоспағанда) белгіленетін, "Б" корпусы қызметшілері қол жеткізген жағдайда олардың қызметінің тиімділігін дәлелдейтін көрсеткіштер;

4) жеке жұмыс жоспары – "Б" корпусы қызметшісінің бағалау кезеңіне НМИ қарастырылған және тікелей басшысымен бірлесіп құрылатын, жоғары тұрган басшымен бекітілген құжат;

5) құзыреттер – нақты мемлекеттік лауазымда кәсіби қызметті тиімді түрде атқару үшін қажетті білімнің, икемнің және дағдылардың жиынтығы;

6) мінез-құлық индикаторы – "Б" корпусы қызметшісінің мінез-құлық және құзыреттер деңгейі көрінісінің сипаттамасы.

3. "Б" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмысының сапасы мен тиімділігін айқындау үшін өткізіледі.

4 "Б" корпусы қызметшісінің нақты лауазымға келу мерзімі үш айдан кем болған жағдайда соның ішінде әлеуметтік демалыстан шыққаннан немесе окуды аяқтағаннан кейін, сондай-ақ сынақ мерзімінде бағалау өткізілмейді.

Бағалауды өткізу кезінде "Б" корпусы қызметшілері еңбек демалысында, жалақы сақталмайтын демалысында, уақытша еңбекке жарамсыздығы кезеңінде, іссапарда немесе тағылымдамада болғанда, сондай-ақ қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілгенде жұмысына қайта кіріскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде бағалаудан өтеді.

5. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындауға және мемлекеттік лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды тұлғамен (бұдан әрі - үәкілетті тұлға) персоналды басқару қызметі жұмыс органы болып табылатын Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады.

Комиссия құрамы үәкілетті тұлғамен анықталады, комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.

6. Бағалау екі жеке бағыт бойынша жүргізіледі:

1) НМИ жетістіктерін бағалау;

2) "Б" корпусы қызметшілерінің құзыреттерін бағалау.

7. НМИ орындалуын бағалау нәтижелері бонустар төлеу, көтермелеу, ротациялау, мемлекеттік лауазымдардан төмендету немесе босату үшін шешім қабылдауға негіз болып табылады.

Құзыреттерді бағалау нәтижелері "Б" корпусы қызметшісінің қажетті құзыреттерін дамытуға негіз болып табылады. Бұл ретте, құзыреттерді бағалау нәтижелері бонустар төлеуге, көтермелеуге, ротациялауға, мемлекеттік лауазымдардан төмендетуге немесе босатуға әсер етпейді.

8. Бағалауға байланысты құжаттар персоналды басқару қызметінде бағалау аяқталғаннан кейін үш жыл бойы сақталады.

2-тарау. НМИ анықтау тәртібі

9. Бағалау кезеңі басталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшісінің НМИ тікелей басшымен жеке жұмыс жоспарында осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысанда анықталады.

10. Жеке жұмыс жоспары тиісті НМИ әзірленген соң, ол бекіту үшін жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

11. "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мемлекеттік органның (жергілікті атқарушы органның) бірінші басшысы болған жағдайда жеке жұмыс жоспары осы лауазымды тұлғамен бекітіледі.

12. НМИ осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмese жоғары тұрған басшы жеке жұмыс жоспарын түзетуге қайтарады.

Жеке жұмыс жоспарын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, түзетуге жолданған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

13. НМИ:

1) нақты (күтілетін оң өзгерістер көрсетіле отырып қол жеткізуге тиісті нәтиже анық белгіленеді);

2) өлшемді (НМИ өлшеу үшін нақты қритерийлер белгіленеді);

3) қолжетімді (НМИ қолда бар ресурстарды, құзыреттер мен шектеулерді ескере отырып белгіленеді);

4) уақытпен шектеулі (НМИ қол жеткізу мерзімі белгіленеді);

5) мемлекеттік органның стратегиялық мақсатын, саяси қызметшінің меморандумын немесе "А" корпусы қызметшісінің келісімін жүзеге асыруға бағытталған болуы тиіс.

14. НМИ саны 5 қурайды.

15. Жеке жұмыс жоспары персоналды басқару қызметінде сақталады.

3-тарау. НМИ жетістігін бағалау тәртібі

16. Жеке жұмыс жоспарында көрсетілген НМИ жетістігіне бақылау жүргізу мақсатында тікелей басшы НМИ-да белгіленген жетістіктерге тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.

Тоқсан сайынғы мониторинг қорытындысы бойынша тікелей басшы бағалауға жататын "Б" корпусы қызметшісіне НМИ-ге жету және сол үшін қажетті шаралар бойынша жазбаша ұсыныстар береді.

17. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысанда НМИ бойынша бағалау парагын толтырады және оған қол қояды.

18. Жеке жұмыс жоспарының жүзеге асырылуын бағалау жеке жұмыс жоспары құрылған жыл қорытындысы бойынша НМИ бағалау негізінде келесі тәртіпте жүзеге асырылады.

НМИ барлығы орындалған жағдайда "өте жақсы" баға қойылады.

НМИ санының 5-еуінен 4-еуі орындалған жағдайда "тиімді" баға қойылады.

НМИ санының 5-еуінен 3-еуі орындалған жағдайда "қанағаттанарлық" баға қойылады.

НМИ санының 5-еуінен 3-тен азы орындалған жағдайда "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

НМИ-дің орындалуы жеке жоспарда қарастырылған барлық көрсеткіштердің толық орындалуын көздейді.

19. Бағалау парагы тікелей басшымен толтырылғаннан кейін, ол жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

20. "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мемлекеттік органның бірінші басшысы болған жағдайда бағалау парагы оның қарауына енгізіледі.

21. "Б" корпусы қызметшісінің бағалау парагын қарау қорытындысы бойынша жоғары тұрған басшымен келесі шешімдердің бірі қабылданады:

1) бағалаумен келісу;

2) түзетуге жіберу.

22. Бағалау парагы НМИ қол жеткізуін дәлелдейтін фактілердің жеткіліксіздігі немесе дәйексіздігі болған жағдайда түзетуге жолданады.

23. Бағалау парагын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, оны түзетуге жолдағаннан кейін 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

24. Жоғары тұрған басшымен бағалау парагына қол қойылғаннан кейін персоналды басқару қызметі 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

4-тaraу. Құзыреттерді бағалау тәртібі

25. Құзыреттерді бағалау тікелей басшымен жүргізіледі және оның нәтижесі бойынша осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалау парагы толтырылады.

26. Бағалау парагын толтыру барысында әр құзырет бойынша "Б" корпусы мемлекеттік лауазымдар санаттары үшін осы Әдістеменің 4-қосымшасымен көзделген мінез-құлық индикторларының жиынтығын басшылыққа алу қажет. Бір құзырет бойынша мінез-құлық индикаторларының саны 10-нан аспайды.

27. Қызметші құзыретінің даму деңгейі бағалау кезеңінде оның қызметінде көрінген мінез-құлық индикторларының санымен келесі тәртіпте анықталады:

1) қызметшінің қызметінде белгілі бір құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының $\frac{3}{4}$ немесе одан көбі байқалған жағдайда "күтілген нәтижеге сәйкес" бағасы қойылады.

2) қызметшінің қызметі нақты құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының $\frac{3}{4}$ -нен кеміне сәйкес келмесе, бағаланатын құзырет бойынша "күтілген нәтижеге сәйкес емес" бағасы қойылады.

28. Тікелей басшымен бағалау парагына қол қойылғаннан кейін персоналды басқару қызметі 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

5-тaraу. Бағалау нәтижелерін Комиссиямен қарау және бағалау нәтижесіне шағымдану

29. Персоналды басқару қызметі Комиссия төрағасының келісімімен бағалауды өткізу кестесін қалыптастырады және бағалауды өткізуге дейін жеті жұмыс күні аралығында бағалауды жүргізетін тұлғаларды бағалау жүргізу туралы хабарлайды.

30. Комиссияның отырысы оның құрамының кем дегендеге үштен екісі қатысқан жағдайда өкілетті болып есептеледі.

31. Комиссияның төрағасын не мүшесін алмастыру комиссияны құру туралы бұйрыққа өзгертулер енгізу арқылы уәкілетті тұлғаның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

32. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

33. Дауыс беру қорытындысы Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, бағалау жөніндегі комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

34. Комиссияның хатшысы персоналды басқару қызметінің қызметшісі болып табылады. Комиссияның хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

35. Персоналды басқару қызметі Комиссия төрағасымен келісілген мерзімдерге Комиссия отырысының өткізілуін қамтамасыз етеді.

36. Персоналды басқару қызметі Комиссияның отырысына келесі күжаттарды ұсынады:

- 1) толтырылған бағалау парактарын;
- 2) осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес Комиссия отырысының хаттамасының жобасын.

37. Комиссия бағалау нәтижелерін қарайды да келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

- 1) бағалау нәтижелерін бекіту;
- 2) бағалау нәтижелерін қайта қарау.

38. Бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы шешім қабылданған жағдайда Комиссия бағалау нәтижесін түзетіп, оны хаттаманың "Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)" графасында көрсетіледі.

39. Бағалаудың нәтижелері уәкілетті тұлғамен бекітіледі және осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиісті хаттамасында тіркеледі.

40. Персоналды басқару қызметі "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң екі жұмыс күні ішінде таныстырады.

41. "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысадан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, персоналды басқару қызметімен және мемлекеттік органның басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

42. "Б" корпусы қызметшісінің танысадан бас тартуы бағалау нәтижелерін оның қызметтік тізіміне енгізуге кедергі болмайды. Бұл жағдайда персоналды басқару қызметімен "Б" корпусы қызметшісін бағалау нәтижесі мемлекеттік органдардың инTRANET-порталы арқылы жолданады.

43. "Б" корпусы қызметшісінің Комиссия шешіміне шағымдануы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Департамент) шешім шыққан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Шағымдарды қарау қорытындысы бойынша Департамент келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

- 1) мемлекеттік органға Комиссия шешімін жойып, "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қарау бойынша ұсыныс беру;
- 2) "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қараусыз қалдыру.

44. "Б" корпусы қызметшісі бағалау нәтижелеріне сот тәртібінде шағымдануға құқылы.

мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің
қызметін бағалаудың әдістемесіне 1-
қосымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН"
Жоғары тұрган басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

күні _____

қолы _____

"Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік
қызметшісінің жеке жұмыс жоспары

жыл

(жеке жоспар құрастырылатын кезең)

Қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))_____

Қызметшінің лауазымы: _____

Қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: _____

№ п/п	Нысаналы мақсатты индикаторлар дың атауы	Саяси мемлекеттік қызметшінің немесе "А" корпусы қызметшісі келісімінің қаи корсеткішінен немесе мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатынан түйінделеді	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Қол жеткізу мерзімдері	Түйінді нәтиже*
----------	---	--	---------------	------------------	---------------------------	--------------------

* Нысаналы мақсатты индикатор қол жеткізуден күтілетін он өзгерістер

Қызметші _____ (тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері) күні _____ қолы _____	Тікелей басшы _____ (тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері) күні _____ қолы _____
---	--

Алматы облысының жергілікті
аткаруыш органдарының "Б" корпусы

мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің
қызметін бағалаудың әдістемесіне 2-
қосымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН"
Жоғары тұрған басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

күні _____

қолы _____

НМИ бойынша бағалау парагы

(Т.А.Ә., бағаланатын тұлғаның лауазымы)

(бағаланатын кезең)

№ п/п	Нысаналы максатты индикаторларды н атауы	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Нақты мәні	Көрсеткішке қол ж е т т і / корсеткішке қол жетпеді
_____	_____	_____	_____	_____	_____

Бағалау нәтижесі _____

(қанағаттанарлықсыз, қанағаттанарлық, тиімді, өте жақсы)

Қызметші аты-жөні) күні _____	(тегі, қолы _____	Тікелей басшы аты-жөні) күні _____	(тегі, қолы _____
-------------------------------------	----------------------	--	----------------------

Алматы облысының жергілікті
атқарушы органдарының "Б" корпусы
мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің
қызметін бағалаудың әдістемесіне 3-
қосымша

Нысан

Құзыреттер бойынша бағалау парагы

_____ жыл

(бағаланатын жыл)

Бағаланатын қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Бағаланатын қызметшінің лауазымы: _____

Бағаланатын қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы:

№ р/с	Күзыреттер атавы	Бағалау нәтижелері (күтілетін нәтижеге сәйкес/күтілетін нәтижеге сәйкес емес)	Кызметшіде байкамаган мінез-құлық индикатор атавы (күтілетін нәтижеге сәйкес емес бағасын алған жағдайда)
1	Кызметті басқару		
2	Ынтымақтастық		
3	Шешім қабылдау		
4	Жеделділік		
5	Өздігінен даму		
6	Кызметті тұтынушыға бағдарлану *		
7	Кызметті тұтынушыларды хабарландыру *		
8	Адалдық		
9	Жауапкершілік		
10	Бастамашылдық		
11	Күйизеліске төзімділігі		

*Лауазымдық міндеттеріне мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жатпайтын "Б" корпусының мемлекеттік қызметшілері "Кызметті тұтынушыға бағдарлану" және "Кызметті тұтынушыларды хабарландыру" күзыреттері бойынша бағаланбайды.

Қызметші _____ аты-жөні) күні _____	(тегі, коло _____	Тікелей басшы _____ аты-жөні) күні _____	(тегі, коло _____
--	----------------------	---	----------------------

Алматы облысының жергілікті
аткарушы органдарының "Б" корпусы
мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің
қызметін бағалаудың әдістемесіне 3-
қосымша

Нысан

Күзыреттердің мінез-құлық индикаторлары

Күзыреттер атавы	Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаты	Тиімді мінез-құлық индикаторлары	Тиімсіз мінез-құлық индикаторлары
	D-1; D-O-1; E-1;	Стратегиялық бағыттарға сәйкес нақты міндеттер қояды және тапсырмалар береді; Бөлімшениң берілген міндеттерді сапалы және уақтылы орындауына	Стратегиялық бағыттарға сәйкес нақты міндеттер қоя алмайды және тапсырмалар береді; Берілген міндеттерді сапалы және уақтылы

	E-R-1.	ұжымды бағыттайтын және жағдай жасайды; Бөлімше жұмысын басымдылығына қарай тиімді үйимдастырады;	орындауына ұжымды бағыттамайды және жағдай жасамайды Бөлімше жұмысын басымдылығына мән бермей тиімсіз үйимдастырады;
қызметтік басқару	D-2; D-3 (құрылымдық бөлімшениң басшысы); D-O-2; D-O-3; E-2; E-3 (құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы). * осы бағанның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Бөлімшениң қызметін жоспарлау мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдайды және басшылыққа енгізеді; Сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын жоспарлайды және үйимдастырады, олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етеді; Қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуы барысындағы қызметіне бақылау жүргізеді; Бөлімше жұмысының нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етеді;	Бөлімшениң қызметін жоспарлау мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдамайды және басшылыққа енгізбейді; Сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын жоспарламайды және үйимдастырмайды, олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етпейді; Қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуына бақылау жүргізбейді; Бөлімше жұмысының нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етпейді;
	D-3; * D-4; D-5; D-O-4; D-O-5; D-O-6; E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4. * осы бағанның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Басымдылығына қарай тапсырмаларды маңыздылығы ретімен қояды; Басшылыққа сапалы құжаттар дайындауды және енгізеді; Өлшеулі уақыт жағдайында жұмыс жасай алады; Белгіленген мерзімдерді сақтайтын жағдайда жасайды;	Тапсырмаларды жүйесіз орындауды; Сапасыз құжаттар әзірлейді; Жедел жұмыс жасамайды ; Белгіленген мерзімдерді сақтамайды.
		Өз құзыреті шегінде қызметкерлерді мемлекеттік органдармен	Өз құзыреті шегінде қызметкерлерді мемлекеттік органдармен

	D-1; D-O-1; E-1; E-R-1.	және үйымдармен тиімді қарым-қатынасқа бағдарлайды ; Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдаланады; Басқа бөлімшелермен бірлесіп жоспарды жүзеге асырады және ортақ нәтижеге қол жеткізді.	және үйымдармен тиімді қарым-қатынасқа бағдарламайды ; Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін кейір қызметкерлердің әлеуетін пайдаланады; Басқа бөлімшелермен бірлесіп жоспарды жүзеге асыра алмайды және ортақ нәтижеге қол жеткізбейді.
ЫНТЫМАҚ-ТАСТЫҚ	D-2; D-3 (құрылымдық бөлімшенің басшысы); D-O-2; D-O-3; E-2; E-3 (құрылымдық бөлімшенің басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (құрылымдық бөлімшенің басшысы). * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Ұжымда сенімді қарым-қатынас орнатады; Бөлімшенің қогаммен тиімді жұмысын үйымдастыру бойынша ұсыныс жасайды; Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліседі; Әрқайсының нәтижеге жетуге қосқан үлесін анықтайды.	Ұжымда өзара сенімсіз қарым-қатынас орнатады; Бөлімше және қогаммен тиімді жұмыс үйымдастыру бойынша ұсыныс жасамайды; Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліспейді; Бағыныстағы тұлғалардың нәтижеге жетуге қосқан үлесін анықтамайды.
	D-3; * D-4; D-5; D-O-4; D-O-5; D-O-6; E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Ұжымның жұмысына үлесін қосады және қажет болған жағдайда түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптестеріне жүгінеді; Мемлекеттік органдар мен үйымдардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынасты дамытады; Талдау барысында пікір алмасады және талқылау нәтижесін ескере отырып , тапсырмаларды орындаиды.	Жұмыста тұйықтық ұстанымын білдіреді және түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптестеріне жүгінбейді; Әртүрлі мемлекеттік органдар мен үйымдардың өкілдерімен және әріптестерімен өзара әрекеттеспейді; Әріптестерімен мәселелерді талқыламайды.
		Міндеттерді дұрыс бөле алады; Шешім қабылдау барысында мүмкін	Бөлімшеде міндеттерді дұрыс бөле алмайды;

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ	D-1; D-O-1; E-1; E-R-1.	болатын қауіптер туралы хабарлайды; Шешім қабылдау барысында альтернативті ұсыныс жасайды; Тиімді және жүйелі шешім қабылдайды; Жеке тәжірибесіне, басқа да маңызды болып табылатын мәліметтерге негізделген шешім қабылдайды	Орын алуды мүмкін қауіптер туралы хабарламайды; Шешім қабылдау барысында альтернативті ұсыныс жасамайды; Тиімсіз және жүйесіз шешім қабылдайды; Шешім қабылдау барысында тек өзінің жеке тәжірибесіне және көзқарасына сенеді.
	D-2; D-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); D-O-2; D-O-3; E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы). * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Бөлімше қызметін ұйымдастыруды тапсырмаларды дұрыс бөле алады; Шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды ұйымдастырады ; Шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылайды; Әртүрлі дереккөздерден алынған маглұматтарды ескере отырып, мүмкін болатын қауіптерді талдайды және болжамайды; Мүмкін болатын қауіптер мен салдарларды ескере отырып, құзыреті шегінде шешім қабылдайды.	Бөлімше қызметін ұйымдастыруды тапсырмаларды дұрыс бөле алмайды; Шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды сирек ұйымдастырады; Шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылаудан бас тартады және басқалардың пікірін ескермейді; Әртүрлі дереккөздерден алынған маглұматтарды ескермейді, мүмкін болатын қауіптерді талдамайды және болжамайды; Шешім қабылдау барысында мүмкін болатын қауіптер мен салдарларды ескермейді.
	D-3; * D-4; D-5; D-O-4; D-O-5; D-O-6; E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында	Қажетті мәліметтерді таба алады; Мүмкін болатын қауіптерді ескере отырып, мәселелерді шешудің бірнеше жолын ұсынады; Өзінің пікірін негіздей алады.	Қажетті мәліметтерді таба алмайды; Мүмкін болатын қауіптерді ескермейді немесе мәселелерді шешудің альтернативасын ұсынбайды; Негіzsіз пікір білдіреді.

	көрсетілген тұлғалардан басқа		
ҚЫЗМЕТТИ ТҮТЫНУ-ШЫҒА БАҒДАРЛАНУ	D-1; D-O-1; E-1; E-R-1.	<p>Стратегиялық мақсаттар мен басымдылықтарды ескеріп, нақты міндеттер коя алады;</p> <p>Қызмет көрсетудің тиімді әдістерін біледі;</p> <p>Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді;</p> <p>Қ ы з м е т тұтынушылардың қанағаттанушылығына талдау жүргізді және қызмет көрсетуді жетілдірудің жолдарын қарастырады.</p>	<p>Стратегиялық мақсаттар мен басымдылықтарды ескермей, анық емес міндеттер қоя алады;</p> <p>Қызмет көрсетудің әдістері туралы шала-шарпы біледі;</p> <p>Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етпейді;</p> <p>Көрсетілетін қызмет б о й ы н ш а тұтынушылардың қанағаттанушылығына талдау жүргізбейді және қызмет көрсетуді жетілдірудің жолдарын қарастырмайды.</p>
	D-2; D-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); D-O-2; D-O-3; E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы). * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	<p>Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және туындаған мәселелерді шешеді;</p> <p>Кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында қанағаттанушылық деңгейін анықтауға жағдай жасайды;</p> <p>Қызмет көрсетудің сапасын бакылайды, сондай-ақ жеке үлгі болуарқылы көрсетеді.</p>	<p>Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырмайды және туындаған мәселелерді шешпейді;</p> <p>Кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында қанағаттанушылық деңгейін анықтауға жағдай жасамайды;</p> <p>Сапасыз қызмет көрсетуге жол береді, қызықпаушылық білдіреді.</p>
	D-3; * D-4; D-5; D-O-4; D-O-5; D-O-6; E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3;	<p>Сыпайы және тілеквестікпен қызмет көрсетеді;</p> <p>Қызмет көрсетуге қанағаттанушылық деңгейін талдайды және оларды жетілдірудің жөнінде ұсыныстар енгізеді;</p>	<p>Қызмет алушыға дөрекілік және немқұрайлылық білдіреді ;</p> <p>Тұтынушының сұраптары мен мәселелеріне мән бермейді;</p>

	E-G-4. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Қызмет көрсете сапасын жақсарту бойынша ұсыныс енгізеді.	Қызмет көрсете сапасын жақсарту бойынша белсенділік танытпайды.
	D-1; D-O-1; E-1; E-R-1.	Ұжымға қызмет алушы тұтынушылар арасында көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттарды жеткізу қажеттілігі туралы үнемі түсіндіреді; Көрсетілетін қызметтер тұралы ақпараттандырудың тиімді тәсілін күрастырады.	Ұжымға қызмет алушы тұтынушылар арасында көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттарды жеткізу қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізбейді; Көрсетілетін қызметтер тұралы ақпараттандырудың тиімсіз тәсілін күрастырады.
	D-2; D-3 (құрылымдық бөлімшенің басшысы); D-O-2; D-O-3; E-2; E-3 (құрылымдық бөлімшенің басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (құрылымдық бөлімшенің басшысы). * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Бағыныстағыларды қызмет алушыларды қолжетімді ақпараттандыруға бағдарлайды; Тұтынушыға ақпараттарды құрметпен және игілікпен жеткізеді; Қызмет тұтынушыларының пікірін құрметтейді.	Бағыныстағылармен қызмет алушыларды ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізбейді; Тұтынушыға ақпараттарды жеткізбейді немесе немқұрайлы және жақтырмай жеткізеді; Қызмет тұтынушыларының пікірін елемейді.
	D-3; * D-4; D-5; D-O-4; D-O-5; D-O-6; E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында	Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімді тәсілдерін колданады; Тұтынушыға ақпаратты қолжетімді ауызша және жазбаша түрде жеткізеді; Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақытылы қабылдай және жібере алады.	Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімсіз тәсілдерін колданады; Тұтынушыға ақпаратты ауызша және жазбаша түрде жеткізбейді немесе түсініксіз жеткізеді; Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақытылы қабылдай және жібере алмайды.

ТҮТЫНУ-ШЫНЫ АҚПАРАТ-ТАНДЫРУ	көрсетілген тұлғалардан басқа		
ЖЕДЕЛДІЛІК	D-1; D-O-1; E-1; E-R-1.	Ұжымға жаңа басымдықтарды уақытылы жеткізеді; Өзгерістерді уақытылы елеу үшін тиімді шаралар қабылдайды; Бөлімшені тиімді басқарады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізеді; Жұмыстың жаңа бағыттарын қолдану бойынша ұсыныстарын талдайды және басшылыққа енгізеді.	Ұжымға жаңа басымдықтарды жеткізбейді немесе мерзімнен кеш жеткізеді; Өзгерістерді уақытылы елеу үшін шаралар қабылдамайды немесе тиімсіз шаралар қабылдайды; Бөлімшені тиімсіз басқарады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізбейді; Жұмыстың жаңа бағыттарын қолдану бойынша ұсыныстарын талдамайды және басшылыққа енгізбейді.
	D-2; D-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); D-O-2; D-O-3; E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы). * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарамайды және басшылыққа енгізеді; Болып жатқан өзгерістерге талдау жасайды және жұмысты жақсарту бойынша уақытылы шаралар қабылдайды; Өзгерістерді дұрыс қабылдауды өзінің үлгі өнегесімен көрсетеді.	Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарамайды және басшылыққа енгізбейді; Болып жатқан өзгерістерге талдау жасамайды және жұмысты жақсарту бойынша шаралар қабылдамайды; Болып жатқан және күтілмеген өзгерістер кезінде өзін-өзі бақыламайды.
	D-3; * D-4; D-5; D-O-4; D-O-5; D-O-6; E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3;	Жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді; Оларды енгізуінің жаңа бағыттары мен әдістерін үйренеді; Өзгеріс жағдайларында өзін -өзі бақылайды;	Жұмыстың колданыстағы рәсімдері мен әдістерін ұстанады; Жаңа бағыттар мен әдістерді зерттеп оларды енгізбейді; Өзгеріс жағдайларында өзін-өзі бақылай алмайды ;

	E-G-4. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Өзгеріс жағдайларында тез бейімделеді.	Өзгеріс жағдайларында бейімделмейді немесе баяу бейімделеді.
	D-1; D-O-1; E-1; E-R-1.	Үлгілі қызметкерлерді жоғарылату туралы ұсыныстарды қарастырып, енгізеді. Қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шараларды қабылдамайды немесе жүйесіз шараларды қабылдайды; Әріптестерімен жинақталған тәжірибесімен, білімімен бөліседі, сондай-ақ, олардың даму деңгейін анықтайды; Өздігінен дамуға ұмтылысын өзінің жеке үлгісінде көрсетеді;	Үлгілі қызметкерлерді анықтамайды және оларды жоғарылату туралы ұсыныстарды қарастырмайды; Қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шараларды қабылдамайды немесе жүйесіз шараларды қабылдайды; Әріптестерімен жинақталған тәжірибесімен, білімімен бөліспейді, сондай-ақ, олардың даму деңгейін анықтамайды; Өздігінен дамуға ұмтылысын өзінің жеке үлгісінде көрсетуге көніл бөлмейді.
ӨЗДІГІНЕН ДАМУ	D-2; D-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); D-O-2; D-O-3; E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы). * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Бағыныстылардың құзыреттер деңгейін жоғарылату бойынша іс-шаралар ұсынады; Мақсатқа жету үшін өзінің құзыреттерін дамытады және оларды бағыныстыларда дамыту үшін шаралар қабылдайды; Бағыныстылармен олардың құзыреттерін, оның ішінде дамуды кажет ететін құзыреттерді талқылайды.	Бағыныстылардың құзыреттер деңгейінің жоғарылауына қызығушылық танытпайды; Мақсатқа жету үшін өзінің және бағыныстыларының құзыреттерін дамытпайды; Бағыныстылармен олардың құзыреттерін талқыламайды.
	D-3; * D-4; D-5; D-O-4; D-O-5; D-O-6; E-3; * E-4; E-5;	Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытады; Өзіндігінен дамуға ұмтылады, жаңа ақпараттар мен оны	Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытпайды;

	<p>E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4.</p> <p>* осы бағаның жоғары тұрған катарында көрсетілген тұлғалардан басқа</p>	<p>колданудың әдістерін ізденеді;</p> <p>Тәжірибеде тиімділікті арттыратын жана дағдыларды қолданады.</p>	<p>Өзіндігінен дамуға үмтүлмайды, жаңа ақпараттар мен оны қолдану әдістерімен қызықпайды;</p> <p>Өзінде бар дағдылармен шектеледі.</p>
D-1; D-O-1; E-1; E-R-1.	<p>Жұмыскерлермен әдептілік нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз етеді;</p> <p>Ұжымда мемлекеттік қызметтің әдептілік нормалары мен стандарттарына берілгендей деңгейін дамытады;</p> <p>Басқалардың жетістіктерін мойындайды, әріптестерінің намысы мен абыроійна нұқсан келтіретін олардың жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан тартынады;</p> <p>Әдептілік нормалардың бұзылғандығын елең ескереді және анықтайды ;</p> <p>Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыроійна құрмет таныта отырып, бағыныстылары үшін әдепті мінез-кулықтың үлгісі болады.</p> <p>Өзінің бөлімше жұмысының тәжірибесінде ашықтық, шынайылық және әділдікке бағытталған әдеп нормалары мен құндылықтарды біріктіреді;</p>	<p>Жұмыскерлермен әдептілік нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз етпейді;</p> <p>Мемлекеттік қызмет жолын ұстаушылық әркімнің жеке ісі деп есептейді;</p> <p>Басқалардың жетістіктерін мойындамайды, әріптестерінің намысы мен абыроійна нұқсан келтіретін олардың жеке және кәсіби қасиеттерін талқылауга жол береді;</p> <p>Әдептілік нормалардың бұзылғандығын елең ескермейді;</p> <p>Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыроійна құрмет танытпайды;</p> <p>Өзінің бөлімше жұмысының тәжірибесінде ашықтық, шынайылық және әділдікке бағытталған әдеп нормалары мен құндылықтарды біріктірмейді;</p>	
АДАЛДЫҚ		<p>Белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың сақталуын бақылайды;</p>	

	D-2; D-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы); D-O-2; D-O-3; E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы). * осы бағанның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Ұжымның мұддесін өз мұддесінен жоғары қояды; Жұмыста табандылық танытады; Ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырады; Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділеттілік принциптерін сактауды қамтамасыз етеді; Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыройына құрмет таныта отырып, бағыныстылары үшін әдепті мінез-құлықтың үлгісі болады.	Ұжымда белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыымдардың орын алуына жол береді; Өз мұддесін ұжым мұддесінен жоғары қояды; Жұмыста табандылық танытпайды; Ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырмайды; Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділеттілік принциптерін сактауды қамтамасыз етпейді;
	D-3; * D-4; D-5; D-O-4; D-O-5; D-O-6; E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4. * осы бағанның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сүйенеді; Өзінің жұмысын адал орындайды; Өзін адал, қарапайым, әділ ұстайды, басқаларға сыпайылық және биязылық танытады.	Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сай кел мейтін мінез-құлықтар танытады ; Өзінің жұмысын орындау барысында немқұрайлылық білдіреді ; Өзін әділетсіз ұстайды, шамданғыш және басқаларға қызырлық дөрекілік және менсінбеушілік қасиеттерін танытады;
	D-1; D-O-1; E-1; E-R-1.	Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.	Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды.
	D-2; D-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы); D-O-2; D-O-3; E-2;		

КҮЙЗЕЛІСКЕ ТӨЗІМДІЛГІН	<p>E-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы). * осы бағанның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа</p>	<p>Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.</p>	<p>Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды.</p>
	<p>D-3; * D-4; D-5; D-O-4; D-O-5; D-O-6; E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4. * осы бағанның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа</p>	<p>Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.</p>	<p>Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды.</p>
ЖАУАПКЕР-ШІЛІК	<p>D-1; D-O-1; E-1; E-R-1.</p>	<p>Құрылымдық бөлімшенің қызметін үйимдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғага артады.</p>	<p>Құрылымдық бөлімшенің қызметін үйимдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғага артады.</p>
	<p>D-2; D-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы); D-O-2; D-O-3; E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы). * осы бағанның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа</p>	<p>Құрылымдық бөлімшесінде қызметін үйимдастыруды жеке жауапкершілігіне алады.</p>	<p>Құрылымдық бөлімшенің қызметін үйимдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғага артады.</p>

	<p>D-3; *</p> <p>D-4;</p> <p>D-5;</p> <p>D-O-4;</p> <p>D-O-5;</p> <p>D-O-6;</p> <p>E-3; *</p> <p>E-4;</p> <p>E-5;</p> <p>E-R-4;</p> <p>E-R-5;</p> <p>E-G-2; *</p> <p>E-G-3;</p> <p>E-G-4.</p> <p>* осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа</p>	<p>Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықта болады.</p>	<p>Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықты басқа тұлғаға артады.</p>
БАСТАМА-ШЫЛДЫҚ	<p>D-1;</p> <p>D-O-1;</p> <p>E-1;</p> <p>E-R-1.</p>	<p>Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдер енгізу жөніндегі ұсыныстарды түзеді және қарастырады.</p>	<p>Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдер енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлемейді және қарастырайды.</p>
	<p>D-2;</p> <p>D-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы);</p> <p>D-O-2;</p> <p>D-O-3;</p> <p>E-2;</p> <p>E-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы);</p> <p>E-R-2;</p> <p>E-R-3;</p> <p>E-G-1;</p> <p>E-G-2 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы).</p> <p>* осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа</p>	<p>Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдайды және енгізеді.</p>	<p>Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдамайды және енгізбейді.</p>
	<p>D-3; *</p> <p>D-4;</p> <p>D-5;</p> <p>D-O-4;</p> <p>D-O-5;</p> <p>D-O-6;</p> <p>E-3; *</p> <p>E-4;</p>	<p>Ұсыныстар мен бастамаларын енгізеді</p>	<p>Ұсыныстар мен бастамаларын енгізбейді</p>

E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындайды.	және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындауды.
---	---	---

Алматы облысының жергілікті атқаруыш органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесіне 5-қосымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН"
Лауазымды тұлға

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
күні _____
қолы _____

Бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

(мемлекеттік органның атауы)

(бағалау мерзімі жыл)
Бағалау нәтижелері

№ р/с	Қызметшілердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Бағалау нәтижелері туралы мәлімет	Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)	Комиссияның ұсыныстары
1.				
2.				
...				

Комиссия корытындысы:

Тексерілді:

Комиссияның хатшысы: _____ Күні: _____
(тегі, аты-жөні, қолы)

Комиссияның төрағасы: _____ Күні: _____
(тегі, аты-жөні, қолы)

Комиссияның мүшесі: _____ Күні: _____

—
— (тегі, аты-жөні, қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК